

**«Алматы облысының білім басқармасы»ММ
«№3 облыстық арнайы мектеп-интернаты»КММ**

**Тағам сапасын тексеру комиссиясының
№ 4 хаттамасы**

08.11.2024 ж

Қатысқандар:

Бракераж комиссия төрайымы – А.С.Рахышова

Мүшелері:

Б.А. Альсейпулова

А.К. Тастекеева.

Г.Ж. Калилаева

С.Ш. Кияхметова

Б.М. Худайбергенова.

Күн тәртібінде

1. Мектеп асханасының рейд қорытындысы, санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бракераж комиссиясының мүшесі Б. Альсейпулова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысының сапалы тамақтандыруы бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын, дайын тамақ өнімдері мен азық-түліктердің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Рейд бойынша:

Күнделікті мәзір перспективалық мәзірге сәйкес келеді, бақылаудағы екі тәуліктік тағам сынамасы бар, отыратын орындықтар саны - 72, үстел – 18; екі ауысымдық тамақтану ұйымдастырылған.

Қол жуатын раковина саны -5, барлық раковиналарға сабындар қойылып қол сүртетін орамалдар ілінген, сондай-ақ қосымша екі электр.кептіргіш құрылғысы бар.

Асхана және ас үй ыдыстары жеткілікті, алайда жаңартуды қажет етеді, атап айтқанда бірінші, екінші тағамдарға арналған тәрелкелер, ас блогына қажетті ыдыстар. Қыздыру пеші ауыстыруды қажет етеді.

Ыстық су бойлер арқылы, суық су орталықтандырылған жүйе арқылы қамтамасыз етіледі.

Қоймалар бойынша: температуралық режим, тауар көршілестігі сақталған; көкөніс қоймасында стеллаждар бар, іші таза. Қаптарда қолдануға берген уақыты көрсетілген. Айта кететін жайт қолданысқа берілетін өнімдерді өлшеу таразысы жаңартуды қажет етеді. Сүт өнімдерін сақтайтын қосымша тоназытқыш қажет.

Нан өнімдерін сақтайтын шкафтың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда. Қызметкерлердің киім үлгісі талапқа сай.

Екінші мәселе бойынша диетбике, бракераж комиссиясының мүшесі Б. Худайбергенова тамақтандыруда әзірленген астың сапасы мен мөлшері бойынша ақпарат берді.

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша 003-015-141 ерекшелігіне сәйкес азық – түлік жеткізуші болып байқаудың қортындысы бойынша "Иманғалиева" ЖК жүзеге асырады. Компания өнімнің жарамдылық мерзімі мен шарттары көрсетілген құжаттармен бірге жүруін қадағалайды. Азық-түлік жеткізу кестесі бар. Өнімдерді сақтау санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық меню бойынша дайындалған тағам өнімдерінің дайындалу әдісі, уақыты, температура және гигиеналық-санитарлық нормалары сақтала отырып әзірленген, тағам мөлшерлері арнайы таразы арқылы өлшеніп отырады. Қажеттілікке қарай дәрумендендіріледі.

Қорытынды: Мектеп - интернаттың асханасына түсетін өнімдердің сапасы санитарлық нормалар мен ережелерге сонымен қатар бірінші және екінші тағамдарды дайындауда өнімдерді салу нормасы қойылған талаптарға сәйкес келеді. Дайындалған тағамның органолептикалық қасиеттерін бағалау (түсі, иісі, дәмі, сұйықтығы, қаттылығы, шырындылығы т.б.) – жақсы деп баға берілді.

Шешімі:

1. Асхананы ыдыс аяқпен, ас пісіру техника құралдары (электр. пеші), қоймаға тоңазытқыш, таразы, нан сақтайтын контейнер жаңартылсын. Бракераждық комиссия хаттамасының көшірмесінің бір данасы бюджеттік өтінім мәселесін қарастыру мақсатында мектеп – интернаттың бас есепшісі Ш.Т. Байтоковаға берілсін.
2. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайын бақылау жұмысы жалғастырылсын.
3. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Бракераж комиссия төрайымы – А.С.Рахышова

Мүшелері:

Б.А. Альсейпулова -

А.К. Тастекеева -

Г.Ж. Калилаева -

С.Ш. Кияхметова -

Б.М. Худайбергенова -

Хатшы: Бортбаева А -